

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің Басқарма Төрағасы-
Ректорының м.а.

Р.А.Бекназаров

« 10 » 03 2021 ж.




**Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты
шектеу шаралары кезеңінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінде тәрбие процессін процесін ұйымдастыру жөніндегі
ЕРЕЖЕ**

Қызметтік қолданысқа арналған басылым

Ақтөбе, 2021 жыл

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі Проректор

Н.М.Бердыбаев 

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Қ.Т.Сатыбалдина 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№__ хаттама, «10» 03 2021 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы Ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

I. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1. Осы ереже факультеттерге, кафедраларға, студенттер үйлеріне, куратор-эдвайзерлерге және тәрбие процесін үйлестіретін, іске асыратын барлық бөлімшелерге, сондай-ақ университеттің барлық білім алушыларына арналған.

II. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 Бұйрығына сәйкес өзгерістер, толықтырулармен);

2.2. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы (2018 жылғы 12 қазандағы №563 Бұйрығына сәйкес өзгерістер, толықтырулармен);

2.3. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.03.2015 жылғы №137 бұйрығы (2018 жылғы 28 тамыздағы №374 Бұйрығына сәйкес өзгерістер, толықтырулармен);

2.4. Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы №207 Бұйрығына сәйкес өзгерістер, толықтырулармен);

2.5. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. ҚР БҒМ 13.05.2020 жылғы №345 бұйрығы;

2.6. ҚР БҒМ 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 135 «Covid-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде оқу процесін қашықтықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» бұйрығы;

2.7. ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 «Білім беру ұйымдарында Covid-19 коронавирустық инфекциясының пандемия кезеңінде таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығы (13.04.2020 ж. толықтыруларымен);

2.8. "Университеттің әлеуметтік мәселелері және жастар саясаты жөніндегі" 10.03.2021 жылғы Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің ғылыми Кеңесінің қаулысы.

III. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. COVID-19 белсенділігі жағдайында жаңа оқу жылында Университет келесі бағыттар бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:

1) Университеттің оқу корпустары мен жатақханаларында санитариялық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі – СЭР) қамтамасыз ету;

2) Барлық қызметкерлер мен білім алушыларды СЭР-мен қамтамасыз ету регламентімен таныстыру;

3) Карантиндік жағдайларды ескере отырып, тәрбие қызметін ұйымдастыру;
4) АКТ қолданумен жұмыс дағдыларын үйрену үшін ПОҚ біліктілігін арттыру;

5) Университеттің тәрбие жұмысының тұжырымдамасын сақтау;

6) Қашықтықтан және аралас оқыту форматтарының талаптарына сәйкес тәрбие процесін ұйымдастыруда техникалық жарақтау.

3.2. Карантин кезінде тәрбие процесі келесі форматта ұйымдастырылады:

1) қашықтық форматында;

2) аралас форматында.

3.3. Тәрбие жұмысының қашықтықта ұйымдастырылған форматы – педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың тәрбие, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзара және оқыту құралдарымен уақыт пен кеңістікте мақсатты түрде ұйымдастырылған және келісілген өзара іс-қимыл процесі.

3.4. Тәрбие жұмысының аралас форматы – бұл арнайы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдаланатын дәстүрлі тәрбие жұмысын онлайн жұмыспен үйлестіру негізінде тәрбие процесін ұйымдастыру.

3.5. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

➤ Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) - бұл есептеу техникасы, сондай-ақ телекоммуникация құралдарын қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпаратпен өзара іс-қимыл жасау процестері мен әдістері;

➤ Ақпараттық-бағдарламалық кешен – тәрбие процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-тәрбиелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстардың жүйелі ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы;

➤ Синхронды тәрбие – білім алушылар мен куратор-эдвайзер арасындағы өзара іс-қимыл нақты уақыт режимінде өтетін онлайн-оқытудың бір түрі. Білім алушылар ақпаратты ала алады, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алады, оны кез келген жерден барлық уақыт аралығында басқа қатысушылармен және оқытушылармен талқылай алады.

➤ Асинхронды тәрбие – бұл білім немесе дағдыларды беру процесі белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес формат;

➤ Геймификация (*игрофикация*) – онлайн-тәрбие процестеріне ойын маңыздылығын беру, оның әдістері оқытуды ережелермен, рөлдермен, виртуалды марапаттармен, миссиялармен, ойын мақсатына жету үшін мағыналы таңдау жасау мүмкіндігімен қызықты ойын процесіне айналдырады.

IV. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ФОРМАТТАРЫ

4.1. Төтенше жағдай енгізген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған жағдайда, тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз ету мақсатында Тәрбие жұмысы қашықтықтан/аралас форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

4.2. Университет ректоры коронавирустық инфекция қаупіне байланысты алдын алу шараларына байланысты тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы

бұйрық шығарады, оның ішінде тәрбие жұмысында онлайн және АКТ мен журналдарды пайдалануды қарастырады (*электрондық пошта, мессенджерлер, вебинар жүйелері, чаттар, подкасттар, іс-шаралар және т. б.*).

4.3. Қашықтық форматқа көшу кезінде:

1) оқытушы (*деканның орынбасары, куратор-эдвайзер*) қашықтық форматтағы технологияларды пайдалана отырып, нақты іс-шаралар бойынша қолда бар онлайн платформаны пайдалану туралы шешім қабылдайды;

2) іс-шараның кез келген форматы бекітілген жұмыс жоспары шеңберінде жүзеге асырылады;

4.4. Іс-шараны қашықтықтан өткізу мүмкін болмаған жағдайда:

1) ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын сақтай отырып, әр ауысымда шағын топтарда іс-шаралар ұйымдастыру;

2) Университет аумағында іс-шараларды өткізуге 65 жастан асқан адамдарды және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған адамдарды тартпау ұсынылады.

V. ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. COVID-19 пандемиясымен негізделген карантин жағдайында, Университетте тәрбие беру қызметін ұйымдастыру санитариялық-эпидемиологиялық режимнің (*СЭР*) алдын алу және қамтамасыз ету шараларын, тәрбие процесін ұйымдастыруға жалпы талаптарды, қашықтықтан оқытудың толық форматына өту кезінде, аралас оқыту форматына өту кезінде, дәстүрлі күндізгі оқуды сақтау кезінде оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, куратор-эдвайзердің дайындық деңгейіне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады.

5.2. Алдын алу шараларын іске асыру және СЭР-ді қамтамасыз ету мақсатында факультеттер мен құрылымдық бөлімшелер барлық қызметкерлер мен білім алушыларды дербес хабардар етеді (*сайтқа орналастыру, түсіндіру және ұйымдастыру кездесулері, инфографика*) және білім алушылар мен қызметкерлердің оны сақтауын қамтамасыз етеді.

5.3. Университеттің шаруашылық-техникалық бөлімі жағақханаларда СЭР-ді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды (*байланыссыз термометрлермен, антисептиктері бар санитайзерлермен міндетті түрде жарақтау және мүмкіндігінше техникалық қауіпсіздікті сақтап дезинфекциялаушы тоннельдерді орнату*).

5.4. Оқу процесінде СЭР-ді сақтау мақсатында:

- Көпшілік жиналатын (*25 адамнан артық емес*) іс-шараларды өткізбеу және адамдардың жиналу ықтималдығын болдырмау;
- Іс-шараларды өткізу кезінде аудиториялардың толымдылығын ескеру қажет. (*әлеуметтік қашықтандыру – 1 ш.м.-ге 1 адамнан*);
- Іс-шаралардың ұзақтығын 40 минутқа дейін қысқарту;

- Тәрбие процестері кезінде дәліз мен рекреацияларды желдетуді жүзеге асыру;
- Жалпы қолданыстағы жабдықтардың беттеріне үнемі дезинфекция жүргізу;
- Тамақтану орындарында, кітапханаларда және білім алушылар болатын басқа да орындарда СЭР-ді сақталуын қамтамасыз ету;
- Жатақханаларда бөлуді СЭР-ді ескере отырып жүзеге асыру; *(қашықтандыру, дезинфекциялаушы құралдармен үнемі өңдеу, және т.б.);*

5.5. Тәрбие процесін ұйымдастыру жалпы талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын;
- Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша;
- Қашықтықтан оқыту платформасының болуы.

5.6. Факультеттер мен құрылымдық бөлімшелер университеттің ресми сайтында тәрбие процесінің барлық қатысушыларының бекітілген жұмыс Регламентін және күнтізбелік жоспарлауды, сондай-ақ жастарды тәрбиелеудің тақырыптық бағыттары бойынша түрлі белсенді интернет-сілтемелерді орналастырады.

5.7. Жастар ісі жөніндегі комитет университет сайтында студенттік ұйымның қызметі туралы толық ақпаратты орналастыруы тиіс *(ұйым бағдарламасы, байланыс ақпараты және т. б.)*.

5.8. Тәрбие процесіне қатысушылар арасындағы кері байланыс телефон консультациялары, мессенджерлер, дауыстық хабарламалар, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, Call-орталықтың жұмысы және т. б. арқылы қамтамасыз етіледі.

5.9. Факультеттер мен құрылымдық бөлімшелер әкімшіліктің білім алушылармен, топ кураторларымен, ағындармен кездесулері, кураторлық сағаттарды, Жастар ісі жөніндегі комитет отырыстарын, студенттік клуб отырыстарын платформалар арқылы өткізу регламентін әзірлейді және жариялайды.

5.10. Университеттің, факультеттердің тәрбие жұмысы жөніндегі жоспарларына конкурстар, олимпиадалар, тренингтер және өзге де іс-шаралар өткізу кіреді.

Кездесулер, семинарлар, вебинарлар тақырыбына «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын, ҚР 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларды және басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде Қазақстан жастарын тәрбиелеудің негізгі бағыттарын енгізу ұсынылады.

5.11. Қашықтықтан оқыту кезеңінде тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттары: азаматтық-патриоттық тәрбиелеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениетті қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаларын сақтау; экологиялық тәрбиелеу; рехани-адамгершілік тәрбиелеу; салауатты өмір салтын насихаттау; терроризмге қарсы ағарту; құқықтық тәрбиелеу және діни экстремизмнен сақтандыру; студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру; еріктілер қозғалысын дамыту және т.б. келесі түрлерді қолданып ұйымдастырылуы тиіс:

- онлайн-зияткерлік-құқықтық ойындар;
- онлайн-кездесулер, онлайн-вебинарлар;
- алуан түрлі дәстүрлі шығармашылық конкурстар;
- онлайн-акциялар, қашықтықтағы олимпиадалар;
- онлайн-фотокөрмелер;
- жұмысқа орналастыруға арналған онлайн-жәрмеңкелер;
- алуан түрлі әлеуметтік роликтердің онлайн-трансляциясы;
- еріктілердің қашықтықтағы мектептері және басқалары.

5.12. Педагогика факультеті басқа факультеттермен және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментімен келісе отырып, білім алушылар мен ПОҚ психологиялық қолдау қызметтерін құрады.

VI. БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1. Білім беру платформаларын және білім беру процесін қолдауға бағытталған, пайдаланушылар арасында кең таралған және қашықтықтан оқытуды қолдайтын көп тілді интерфейсі бар электрондық ресурстарды пайдалану ұсынылады.

6.2. Синхронды режимде онлайн іс-шараларды өткізу үшін нақты уақыт режимінде бейне байланысты қолдайтын бірлескен жұмыс платформаларын пайдалану ұсынылады. Университеттің факультеттері мен құрылымдық бөлімшелері оқытушылар мен білім алушылар үшін онлайн платформаларды пайдалану бойынша оқыту ұйымдастырады.

6.3. Әр түрлі интерактивті мазмұнды құру үшін интерактивті суреттер, бейне және мультимедиа ресурстарын құру, мазмұнды визуализациялау, видео дәрістер құралдарын пайдалану ұсынылады.

VII. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

7.1. Тәрбие процесінің негізгі қатысушыларына: университет ректоры, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті, жастар ісі жөніндегі комитет, студенттер үйінің директорлары, факультет декандары, тәрбие жұмысы жөніндегі декандардың орынбасарлары, куратор-эдвайзерлер, білім алушы, білім алушының ата-аналары (заңды өкілдері) жатады.

7.2. Тәрбие процесінің әр қатысушысы өз рөлі мен функцияларын орындайды. Оның өкілеттіктері мен құзыреттерінің көлемімен айқындалатын:

- Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі Проректор: қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, тәрбие процесін ұйымдастыру

бойынша жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады; тәрбие материалдарын, электрондық білім беру ресурстарын қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады; құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп тәрбие процесінің әдістері мен технологияларын айқындайды.

- Факультет декандары мен декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары: қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша өз деңгейіне сәйкес келетін ішкі нормативтік актілерді қабылдайды; тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдайды; қажет болған жағдайда оқытушылармен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) кері байланысты жүзеге асырады; жеке қорғаныс құралдарын пайдалану бойынша талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді; білім алушылардың, оқытушылардың және басқа да қызметкерлердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;
- Кураторлар-эдвайзер: университеттің нақты саясатымен тәрбие процесі бойынша жұмыс жоспарын әзірлейді. Куратор-эдвайзерлік сағаттарды әзірлейді және өткізеді; білім алушылардың назарына тәрбие жұмысы туралы ақпаратты жеткізеді; білім алушылардың әртүрлі жұмыс түрлерін, қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушылар арасында электрондық ресурстарда интерактивті өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді; бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес офлайн және онлайн-сабақтар өткізеді; білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке консультациялар өткізеді;
- Білім алушы: бекітілген сабақ кестесі бойынша оқытушылармен байланыста болады; қолжетімді байланыс құралдары арқылы университеттің бекітілген әлеуметтік саясатымен, ішкі ережелерімен танысады; сабақ кестесіне сәйкес сабақтарға электрондық немесе онлайн платформаларда қатысады; Академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды; тұратын жерлерінде интернет жылдамдығы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, интернет байланыс пен СЭР қамтылған университеттің жатақханасына тұру үшін (мүмкіндігінше) келе алады;
- Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері): білім алушыларға оқу үшін жағдай жасайды; мүмкіндігінше білім алушылардың оқу пәндерінің тапсырмаларын немесе өз бетімен тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады; интернет болмаған немесе жеткіліксіз жылдамдық кезінде студентті қажетті интернет байланысымен және СЭР қамтылған жатақханаға немесе өзге жерге тұруға бағыттайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі, академиялық
мәселелер жөніндегі проректор



Абенова Б.С.

Басқарма мүшесі,
стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбаева А.У.

Персоналды басқару және
құжат айналымы басқармасы
қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Нурлин А.К.